

2014 жылға Ертіс ауданы тұрғындарының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 06 қаңтардағы N 1/1 қаулысы . Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 қаңтарда N 3668 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданы аумағында тұратын тұрғындардың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) әйелдер үшін 50 жастан асқан және ерлер үшін 55 жастан асқан тұлғалар;
- 3) ұзақ уақыт (он екі ай және бұдан да артық) жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 4) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;
- 5) дәрігерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулі тұлғалар .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Пішенбаев